

**Атырау облысы әкімі С.Шапкеновтың облыстық Қоғамдық Кеңесінің
мүшелерімен кездесу отырысының**

ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

№ 3

13 маусым 2022 жыл

Өткен орны:

«Атырау облысы әкімдігі ғимараты»
7 қабат мәжіліс залы

Қатысқандар: Облыс әкімі- С.Шапкенов, облыстық маслихат хатшысы Ә.Нәутиев, облыс әкімінің орынбасары Б.Исақов, облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы **М.Ізбасов**, шақырылған басқарма басшылары (тізім бойынша), Атырау қаласының әкімі-М.Қалауи, облыстық қоғамдық кеңесінің мүшелері.

Қатысқан кеңес мүшелерінің саны-22;
Қатыспағандар -8 (дәлелді себептермен)

Күн тәртібінде:

1. Облыс әкімі Серік Шапкеновтың Қоғамдық кеңес мүшелерімен пікірлесіп, қоғамдық пікірді білу, ұсыныс, сауалдарын тыңдау;

Кездесуді Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 13 бабына сәйкес облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Мақсым Ізбасов ашты.

Төраға Қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамына, облыс тұрғындарының тұрмыс –тіршілігін зерделеу мақсатында 5 бағыттағы комиссия құрылғандығын және қысқаша атқарылған жұмыстарды баяндады. Одан соң сөзді облыс әкімі С.Шапкеновке ұсынды.

Облыс әкімі С. Шапкенов: Қоғамдық кеңес мүшелері қоғамның мәселесін атқарушы органның алдына қоя білетін, халық сенім артып отырған қоғамның белсенді қаймақтары екенін, қоғам мүддесі үшін атқарылған жұмыс бірлескен қызмет болу керектігін, кеңес мүшелері мен атқарушы орган бір-бірін ести алатын және қолдау қажеттігіне тоқталып, қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныс, пікірін және сауалдарын тыңдауға әзір екендігін айтты.

Бірінші сөз алған, «Атамекен-Эко» ҚБ төрағасы **А.Хайруллин** қаланы көгалдандыру мақсатында Атырау қаласы әкімдігінің қолдауымен егілген саябақтарды және көктерді суландыру мәселесін көтерді.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры **Н.Сүйінбаев**, облыстық онкологиялық аурухананың жағдайының төмен екенін, кеңестік кезеңде салынған, халқы екі есеге өскен мұнайлы астананың стандартына сай келмейтінін жеткізді, сонымен қатар нерв жүйелерімен ауыратын

(психбольница) адамдар ем алатын аурухана, бүгінгі таңда қазіргі орналасқан жерінен басқа, қала сыртына көшіру жоспары бар екендігін, осы аурухананы орналасқан мекен жайында қалдыру қажеттігін, бұл ауру адамның туысқандары қарым қатынасына ыңғайлы және аурухана Жайық жағасында орналасқандықтан ауру адамдардың демалысына, денсаулығына ыңғайлы мекен жайы саналатыны, Қоғамдық кеңестің әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы ретінде осы ұсынысты комиссия атынан ұсынып отырғанын жеткізді.

«Мұнай-газ кешені жұмысшылары кәсіподағының» Атырау филиалының төрайымы, заңгер **С.Рахимова** Атырау облысында жағымсыз экологияның тұрғындар денсаулығына әсерін зерттейтін ғылыми зерттеу Орталығын ашуды ұсынды. Арнайы зерттеу орталығының сараптама қорытындысы ғана өңір тұрғындарына экологиялық коэффициент төлеп, қосымша жеңілдіктер жасауға мүмкіндік береді. Облыста денсаулық сақтау саласына қатысты ауруханалар мен емханаларда аппараттардың жетіспеушілігі, дәрігер мамандардың тапшылығы, аналардың ауру, ерекше балаларын шетел асып емдетуге әлеуметтік желі арқылы қаражат жинау үдегенін, Ел президентінің бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қорынан әлі күнге дейін Атырау облысы тұрғындарына ешбір көмек жоқ екендігін, науқас балаларды емдетуге Қордан қаражат бөлдіртуге облыс әкімінен ықпал етуді сұрады. Бұдан басқа түрлі түсті метал қабыл пунктердің заңсыз қызметін қадағалау, ветеринария мәселелеріне қатысты өткір мәселелерді қозғады.

«Адалдық алаңы» ҚҚ жетекшісі **С.Өскенбаев** халықты толғандырып жүрген су мәселелері жөнінде пікірін білдірді. Атырау қаласына екінші-Су қоймасын «Су көтергіш сорғы, сүзгі станцияларын» салуды, сол үшін Республика немесе басқа да көздер арқылы қаражат қарастыруды, сондай-ақ Қызылқоға ауданы, Сағыз өзені бойында бөгеттер мен тұрбаларды бұзып істен шығару арқылы судың далаға сіңіп халықтың күйзелгенін жеткізіп, қиындықтарды болдырмау үшін сағыз станциясы маңынан және айналасынан тұрбалы бөгеттер мен Су қоймасын салуды ұсынды.

«Analarga komek Qoldau» ҚБ төрайымы **С.Кукенова** көп балалы, аз қамтылған, ерекше бала тәрбиелеп отырған аналарға баспана мәселесін шешуді, әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің қымбаттауы, қаладағы ескі базардағы антисанитариялық жағдайды, тиісті жергілікті атқарушы органдар тарапынан бақылаудың жоқтығын және ВТЭК –қа тұрғындар тарапынан арыздардың көп екендігін, ауру адамдарға мүгедектік алу қиын екендігін айтты.

Қоғам белсендісі **Н. Жунасов** Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) маңында тұратын 18 отбасын көшіру мәселесін, қаладағы тұрғын үй салуға берілген жер актісінің бірнеше тұтынушыға сатылуына байланысты туындаған мәселеге қатысты облыс әкіміне сауалын жолдады. «Жастар таңдауы» ҚБ төрағасы **Д. Сейтқалиев** облыстық перзентхананың қазіргі жағдайының сын көтермейтінін, аналарға жағдай жасалмағандығына сын айтты. «Ақпарат» ҚБ төрайымы **Г.Елешева** балалардың жазғы демалысына

қатысты мәселе көтеріп, мұнайлы астана саналатын шаһарда, мұнай игілігін көріп отырған шетелдіктер балаларға арналған, арнайы жабдықталған демалыс лагерлерін салса деген ұсыныс білдіріп, «пришкольный» деген сөзге түсінбейтінін, балаларға арналған демалыс орындары жыл бойы жұмыс жасаса деген пікір білдірді. Қоғам белсендісі **Р.Күмісқалиев** қазіргі күнделікті тұтынатын тауарларының күннен күнге қымбаттауы туралы, **С.Қадыров** мүгедектер мәселесін, электронды пандустың орнына механикалық пандустар орнатуға ұсыныс білдірді.

«Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» АФ төрайымы **Н.Камалова** Еліміз бойынша нашакорлық көрсеткіші азаймай тұрғанын, жасөспірімдердің арасында трамадолға тәуелді балалар көбейгенін, «Трамадол» сатушыларға қатысты қала тұрғындары полиция шақырса, полиция алған препараттарды экспертизаға тапсырып, айыппұл салумен ғана шектелетінін, себебі, трамадолға қатысты заң әлсіз болғандықтан полиция шарасыздық танытанын, осы орайда, облыстық ішкі істер басқармасы мен фармацевтік саланың мамандарын облыс әкімнің қатысуымен тыңдау қажеттігін ұсынып, Украина, Белоруссия, Өзбекстан мемлекеттеріндегідей трамадолды наркотикалық препараттар қатарына қосу үшін тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыс жасауды ұсынды.

М.Әмірғалиев, кеңес мүшесі: 1) Жайық мәселесі (Қиғашты тереңдету жұмыстарын қолға алу; 2) Жергілікті бюджеттен ауған соғысының ардагерлеріне төленетін жәрдемақы 15 мың теңгені 35 мың теңгеге көтеру мәселесін шешу; 3) 9 мамыр күні ауған соғысының ардагерлеріне жергілікті бюджеттен біржолғы төленетін 100 мың теңгені 150 мың теңгеге көтеру мәселесін шешуді облыс әкімінен сұрады.

Облыстық маслихат депутаты **Н.Ермұқанов** бұқаралық спортты дамыту, дарынды балаларға арналған спорт интернаты облыс орталығында бой көтерсе деген пікірін білдірді.

Б.Исхакова облыс Орталығындағы «Сарайшық» базарында азық – түліктің базар бағасынанда жоғары бағамен сатылатынын, жергілікті әкімшілік тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігін және осы базар мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлініп «**әлеуметтік базар**» болып ашылғанын, бүгінде өз деңгейінде халыққа қызмет көрсетпесе, неліктен мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлініп салынды деген сауал жолдады. (СПК) тұрақтандыру қорына қатысты мәселе көтерді.

«Адам құқықтарымен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан Халықаралық бюросы» ҚБ Атырау филиалы басшысы **Д.Улжағалиева** Атырау қаласындағы адам ұстау изоляторының (СИЗО) жағдайы төмен дәрежеде екендігін жеткізді.

Төраға М.Ізбасов: Жылдан жылға су мәселесінің жағдайы қиындауда, өңірде су тапшылығын болдырмау мақсатында «Көкжиде» су қоймасы арқылы су жеткізу мәселесін қарастыру; 2) «Теңізшевройл» компаниясының үшінші буын зауыты іске қосылған кезде мұнай өндіру 27 млн тоннадан, 40 млн тоннаға жетеді. Сондықтанда «Теңізшевройл» компаниясының «Игілік» бағдарламасы арқылы төленетін қаржының көлемін ұлғайту

мәселесін қарастыру қажет; 3) Атырау облысында жұмыс жасап жатқан «Ембімұнайгаз», «АМӨЗ» және «КазТрансОйл» мекемелері әлеуметтік салаға қаржы бөлу мәселесін шеше алмай отыр. Себебі барлық қаржылық мәселе «Самұрық - Қазына» АҚ – ы арқылы шешіледі. Осыған орай, аталған мәселенің шешу жолдарын қарастыру қажет; 4) Өңір тұрғындарының экологиядан саулығына зияны бар немесе жоғын анықтау үшін облыс орталығынан экологиялық медициналық зерттеу орталығын ашу мүмкіндіктерін қарастыру туралы әріптесім мәселе көтерді, зерттеу орталығын салу «Теңізшевройл» «НКОК» компаниялары сияқты ірі компаниялардың демеушілік қаржысы есебінен жүргізу қажет деп есептеймін. Себебі бұл компаниялар өнімінде 19 – 20% көлемінде күкіртті сутегі бар, сонымен қатар, жұмысшылар мен мердігерлік ұйымдар солардың тапсырмасымен жұмыс жасайды. 5) «Бейнеу – Бозай» автокөлік жолын болашақта салу мәселесін қарастыру, себебі оңтүстіктен келетін ауыл шаруашылық өнімдерін әкелуге көп мүмкіндіктер болар еді. 6) Атырау қаласынан «Атырау-Арена» құрылысын салу жолдарын қарастыру мәселелерін көтерді.

Ашық кездесуде облыс әкімі С.Шәпкеновке кеңес мүшелері Атырау облысының тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне қатысты 50 –ден астам сауал, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Аймақ басшысы **С.Шәпкенов** кеңес мүшелерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, қоғамды мазалаған сұрақтарға қатысты атқарылған жұмыстармен бөлісті. Кеңес мүшелерінің көтерген проблемалық мәселелерінің біртіндеп шешілетінін, шешілмейтін еш нәрсе болмайтынын, тек уақыт қажеттігіне тоқталды.

Консультативті, кеңесші, бақылаушы орган ретінде құрылған Қоғамдық кеңестер бүгінгі күні мемлекеттік қызметтің сапасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, бюджет қаржысын тиімді пайдалануда, билік пен қоғам арасында азаматтардың барлық өтінішіне назар аударатын мемлекетті құру бүгінгі күннің басты мақсаты, жергілікті билік өкілдерімен бірге кеңес мүшелері де осы жұмыстарды жалғастыруға мүдделі. Облыс әкімі **С.Шапкенов** қатысушыларға ізеттілік білдіріп, кеңес мүшелеріне өзінің қай уақыттада қол жетімді екендігін айтып, қатысушыларға алғысын білдірді.

Атырау Облыстық Қоғамдық Кеңес төрағасы **М.Ізбасов** бірлескен қызметке сәттілік тілеп, басқа пікір айтушылар болмаса, облыс әкімімен кездесу отырысын жабық деп жариялады.

Қатысқандарыңызға рахмет!

Кеңес төрағасы

Хатшы



М.Ізбасов

Н.Мырзағалиева

Handwritten signature of the Secretary.